



**«Бәйшешек»  
бөбекжайының  
2022-2023 оку жылының  
жылдық жоспары**

*Ленгір 2022*

# **ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫҢ БӨЛІМДЕРІ**

## **I.Кіріспе.**

- 1.1. «Бәйшешек» балабақшасының 2021-2022 оку жылынын ұжым жұмысының қорытындысы.
- 1.2. 2022-2023 оку жылының негізгі мақсаты.
- 1.3. Педагогикалық кадрларды реттеу.
- 1.4. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы.
- 1.5. Басқа кадрлармен, мекемелермен байланыс.

## **II. Кадрлармен жұмыс.**

- 2.1. Педагогикалық кеңестер
- 2.2. Менгеруші жаңындағы кеңес.
- 2.3. Әдістемелік кеңес жоспары
- 2.4. Өндірістік жиналыш.
- 2.5. Құқықтық тәрбие.

## **III. Әдістемелік жұмыс.**

- 3.1. Білім деңгейін жетілдіру туралы мәліметтер
- 3.2. Семинарлар, кеңестер, нұськаулықтар
- 3.3. Шығармашылық топ құрамы
- 3.4. Жас мамандармен жұмыс жүргізу.
- 3.5. Ұйымдастырылған педагогикалық жұмыс.
- 3.6. Әдістемелік кабинеттің жұмысы.

## **IV. Балалармен жұмыс.**

- 4.1. Мерекелер, ойын-сауықтар
- 4.2. Байқаулар, сайыстар, саяхат, көрмелер
- 4.3. Экологиялық тәрбие жөніндегі іс-шаралар
- 4.4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары
- 4.5. Мектеппен байланыс
- 4.6. Сыртқы байланыстар

## **V. Бақылау және басқару.**

- 5.1. Оқу және тәрбие жұмыстарын бақылау және басқару.

## **VI. Отбасымен жұмыс**

- 6.1. Жалпы ата-аналар жиналышының тақырыптары.
- 6.2. Топтық ата-аналар жиналышының тақырыптары.

## **VII. Әкімшілік өндірістік жұмыстар**

### **I. Кіріспе**

«Бәйшешек» МҚҚК балабақшасы тарихы 1965 жылдан басталады. «Бәйшешек» балабақшасы Түркістан облысы Төлеби ауданы Ленгір қаласы Төлеби көшесіндегі № 251 типті гимаратта орналасқан.

Балабақша мекемесі екі қабатты. Жылу, телекоммуникация, су тасымалдау жүйелері толық талапқа сай қарастырылған. Әкімшілік блогында менгеруші бөлмесі, әдістемелік және психолог кабинеті, медбике кабинеті, қойма бар. Балабақша ауласында спорт аланы бар. Медицина кабинетінде балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын құралдармен қатар, сауықтыруға арналған медициналық құралдармен жабдықталған. Асхана, кір жуатын орын және басқа шаруашылық құрылыштар да мекемеде орналасқан.

Балабақша 4 топтан құралған. 2 топ мемлекеттік тілде, 2 топ орыс тілінде жұмыс жасайды.

Ортаңғы топ 30 бала (қазақ тілінде оқиды)

Ортаңғы топ 30 бала (қазақ тілінде оқиды)

Ересек топ 30 бала (орыс тілінде оқиды)

МАД топ 30 бала (орыс тілінде оқиды). Барлығы - 120 бала

Балабақшада 3 мезгіл тамақтандыру қамтамасыз етілген. Жұмыс уақыты 8:00-18:15 дейін 5 күндік.

Балабақшада балалардың толық және жан-жақты білім және тәрбие атулары үшін барлық жағдайлар жасалған. Тәлім-тәрбие жұмыстары мемлекеттік стандартқа сай етіп үйімдастырылған. Топтарда орыс топтарына қазақ тілі, қазақ топтарына орыс тілі өтіледі. Әрбір топ жеке жатын, ойын, әжетқана бөлмелерінен тұрады. Барлық топтар жиһаздармен балалардың жас ерекшеліктеріне қарай көрnekі-құралдармен жабдықталған. Топтарда қазіргі оқу қызметіне сай «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» және «Ұлттық» дамытушы бұрыштары үйімдастырылған.

Балабақшада 10 педагог және жұмыс атқарады, олар білімі бойынша төмендегідей:

Жоғары білімі барлар саны – 10 педагог

Олардың санаттары төмендегідей:

«Педагог - зерттеуші» санаты бар - 1

«Педагог - сарапшы» санаты бар - 4

«Педагог - модератор» санаты бар - 4

«Педагог» санаты бар - 1

## **1.1 «Бәйшешек» балабақшасының 2021–2022 оку жылының ұжымдық жұмысының корытындысы**

Балабакша жылдық жоспарын кыркүйек айынан бастап орындауға кірісті. 2021-2022 оку жылында төмендегідей топтар жұмыс жасады.

Ортанғы «Балбебек» тобы

Ортанғы «Балапан» тобы

Ересек «Звездочка» орыс тобы

МАД «Вишенка» орыс тобы

Топтарда оку тәрбие жұмыстары жана оқыту бағдарламаларымен жасалды.

Балабакша 2021-2022 оку жылында төменде көрсетілген тапсырмалар бойынша оку-тәрбие жұмыстарын жүргізді.

1. Балалардың жеке шығармашылығын дамыту мақсатында коммуникативтік ептілікке тәрбиелеу.
2. Танымдық кабілетін дамыту саласында: қарапайым экономикалық білімді игеріп, тәжірибе жүзінде пайдаланып, қарапайым математикалық түсініктерін, машиқтандырып білім алу саласында үрету.

### **Оку-әдістемелік жұмыстар**

Жалпыға бірдей міндettі орта білім беру жүйесін үйлестіру жұмысын менгеруші аткарады. Оку – тәрбие жұмыстарына бакылауды балабакша әдіскері Бектемирова Акбота Есенгельдыевна жүргізді, білімі – жоғары, жалпы еңбек өтілі – 19 жыл, педагогикалық еңбек өтілі 19 жыл, осы балабакшада 10 жылдан бері кызмет аткарады.

Жылдық жұмыс жоспары мен педагогикалық кенес отырысының, әдістемелік кеңесінің, менгеруші жанындағы кеңестің, өндірістік кеңестің жоспарлары бар. Білім беру үйімі өзінің кызметін жылдық жұмыс жоспарына сай өткізеді.

Жоспар бойынша бір оку жылында 5 педагогикалық кенес, 9 менгеруші жанындағы кенес, 9 әдістемелік кенес, 3 өндірістік кенес отырысы бекітілді. Кеңестерде каралатын мәселелер толық каралып, хаттамалары жазылды.

Жалпыға бірдей міндettі орта білім беру жүйесін үйлестіру жұмысын менгеруші аткарады. Жұмыс жоспары мен педагогикалық кенес отырысының жоспарлары бар.

Білім беру үйімі өзінің кызметін жылдық, айлық, апталық жоспарлармен бірге күнделікті жоспарларға сай өткізеді.

Жоспар бойынша 2020-2021 оку жылында 5 педагогикалық кеңестің отырысы бекітілген. Онда педагогикалық кеңесте каралатын мәселелер толық каралып, хаттамаларда көрініс тапқан.

2020-2021 оку жылында жылдық жоспар 7 тараудан, 24 тармакшадан тұрады. Балабақшадағы оқыту жұмысында оқытудың улгілік жана бағдарламалары колданылды.

## **2021-2022 оку жылында откізілген ашық оку қызметтер, ертеңгіліктер:**

### **Қыркүйек айында**

«Білім күні» мерекесіне орай «Бәйшешек» балабақшасының менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есіркеңкызы барлық бұлдіршіндерді Білім күні мерекесімен құттықтап, балаларға балабақшадан жақсы тәлім-тәрбие алып, білімдерін, ой-өрістерін дамытуына тілек білдірді. Балабакша педагогтары мен басқа да қызметкерлерін жана оқу жылымен құттықтап, алда жақсы жұмыс атқаруга тілектесті. Мереке қарсаңында балалар ән айтып, би билеп, такпактар айтып өз өнерлерін көрсетті.



### **Қазан айында**

#### **Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтер**

**Білім саласы: «Денсаулық»**

**Белімі: Дене шынықтыру**

**Тақырыбы: «Балапандарды мысықтан қорғау»**

«Балбөбек» ортаңғы тобында тәрбиеші Жунисбекова Ақидар



«Біз шынықкан баламыз» тақырыбында ашық оқу қызметін өткізді. Онда балалар бақшага бару үшін, жол бойында түрлі кедергілерден өтіп шықты. Балалар алдымен денелерін қыздырып, түрлі жүрістермен жүріп, құрсаулардан, кедергілерден өтіп жаттығулар

жасады:

- 1) доғаның астымен алақандарын тіреп тізені бүгіп өтті;

- 2) судың үстіндегі көпірмен тепе-тендікті сақтап, екі колды созып отті;
- 3) жолдағы тастандарды тазартып, ойын арқылы денелерін қыздырыды;
- 4) ирек жолдар (ағаштар арасынан) отті.

Қымылды ойын ойналды: Жапырақ жинау ойыны ойналды. Балалар мадакталып, марапатталды.

**Білім саласы: «Денсаулық»**

**Бөлімі: Дене шынықтыру**

**Тақырыбы: «Аюға орманнан бал табу»**



«Звездочка» ересек тобында Кудайбергенова Кулаш «Аюға орманнан бал табу» тақырыбында ашық оку қызметін өткізді. Оку қызметте балалар алдымен шенберге тұрып, дene жаттығуларын жасаудан бастады: жай жүріспен жүрді, аяқ ұшымен, өкшемен, түрлі дene кимылдарымен шенбер бойын жүріп отті.

Тәрбиешінің айттымен балалар орманға саяхатқа барды. Онда негізгі жаттығулар, бастапқы және тыныс алу жаттығуларын жасады:

- 1) Орманда тастандардың үстімен жүрді;
- 2) қолдарын артқа қойып, аяқтарын тигізе жүгірді;
- 3) суда жүзу қимылдарын жасады;
- 4) жағалауда қыздырыну әдістерін жасады.

Оқу іс-әрекет бойынша жасалған жаттығуларды еске түсіріп, қорытындыланды. Белсene қатысқан балалардың аты аталып, барлық балалар марапатталды.

**Білім саласы: «Денсаулық»**

**Бөлімі: Дене шынықтыру**

**Тақырыбы: «Сиқырлы дәрумен»**



«Балапан» ортаңғы казақ тобында тәрбиеші Айтмурзаева Асылзат «Денсаулық еліне саяхат» тақырыбында ашық оку қызметін өткізді. Оку қызметте балалар Зқатарға бөлініп, дene жаттығуларын жасады. Мойын жаттығуынан бастап, аяқ ұшы жаттығулары жасалды. Қонаққа сайқымазақ келді. Ол өзінің мазасы болмай, ешкімді күлдіре

алмай жүргенін айтты. Оны емдеу үшін балалардың көмегімен «Денсаулық еліне саяхатқа» шығып, онда Салауат деген дәрігер атай бар екенін, сол ғана Сайқымазакты емдей алатынын айтып көмек сұрады.

Тәрбиеші балаларга Салауат атай туралы айтып беріп, Сайқымазакка көмек беру үшін сол атайдың еліне баратындарын айтты. Балалар қуана келісті. Балалар түрлі кедергілерден отті. Жолда кездескен барлық тапсырмаларды орындаپ, «Денсаулық еліне» де келіп жетті. Балалар Салауат атаймен танысып, ол жерде түрлі ойындар ойнап, жаттығулар жасап, емдік қасиеті бар сиқырлы дәруменді алып, Сайқымазакқа берді. Сайқымазак дәруменді ішіп, қуанып ән салды, балаларды күлдіріп, олармен уақытының жаксы откенін айтып, алғыс айтып балалармен қоштасты. Балалар келген жолдарымен топтарына оралды. Оку қызмет қорытындыланып, қатысқан балалар мадакталып, марапатталды.

### **Білім саласы: «Денсаулық»**

### **Болімі: Физкультура**

### **Тақырыбы: «Где прячется здоровье?»**




«Вишенка» МАД орыс тобында тәрбиеші Серикбаева Гульнара «Где прячется здоровье?» тақырыбында ашық оку қызметін өткізді. Оку қызметте балалар келген қонақтармен сәлемдесіп, тәрбиеші сол «Саламатсыздар ма?!» сөзінің өзі баршамыз бір-бірімізге саулық тілейтінімізді білдіретін сөз екенін айтты.

Тәрбиеші балалардан осы денсаулықтың өзі қайда болатынын сұрап, оны білу үшін түрлі жаттығулар жасау керектігін айттып, қол-аяқ жаттығуларын, жүру жолдарының (жыланша жүру, тік жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, т.б.) түрлерімен жүргізу арқылы әртүрлі жаттығулар жасады. Тәрбиеші балалардың бұлшықеттерін дамыту мақсатымен таяқшалармен (он жақ, сол жақ, тепе-тендік жаттығулары), доптармен (аяқ арасынан өткізу, алдыңғы катарға жеткізу, тізеге қойып жаттығулар жасау, алға, артқа аттап секіру) көптеген жаттығулар жасады.

Оку қызмет сонында балалармен еркін жаттығулар жасалып, кимылды ойындар ойнатылды. Оку қызмет қорытындыланып, тәрбиеші балалардан деніміз сау болу үшін әрдайым жаттығулар жасап, денсаулығымызды күіп ұстауымыз керектігін айттып өтті. Оку қызметте белсенділік көрсеткен балалар макталып, барлық балалар марапатталды.

## **Ертөнгіліктер**



Бөбекжайда барлық топтар жеке-жеке «Жайдары күз – жаркын күз» такырыбында «Алтын күз» мерекелік ертөнгілігі өтті. Ертөнгілікте балалар күз мезгілі туралы тақпактар айтып, ән салып, би биледі. Күз мерекесіне келген кейіпкерлер балалармен ойын ойнап, қызықтыра би биледі.

## **Ертөнгілік**

Бөбекжайда барлық топтармен бірлесе «Денсаулық күні» атты мерекеге іс-шара өткізілді. Ертөнгілікті бөбекжай менгерушісі Турғунбекова Ақмарал Есіркепкызы құттықтау сөз айттып ашық деп жариялады. Бөбекжай бүлдіршіндері Денсаулық күніне арнаған тақпактарын айттып, спорттық жарыстар өткізілді. Топ тәрбиешілері мен тәрбиеші көмекшілері іс-шараны толығымен төрт топтағы бүлдіршіндермен өткізді. «Денсаулық күні» мерекесі балаларға жаксы әсер қалдырды деп айтуда болады.



## Қараша айында

### Үйімдастырылған ашық оқу қызметтер

**Білім саласы: «Коммуникация»**

**Бөлімі: Тіл дамыту**

**Тақырыбы: «Үй жануарлары» тақырыбында**



«Балбебек» ортанғы тобында тәрбиеші Кежебекова Эльмира «Үй жануарлары» тақырыбында ашық оқу қызметін өтті.

Оқу қызметте тәрбиеші балаларға үй жануарларының суреттерін көрсетіп, аттарын атап үйретті. Таң калдыру сәтінде сиқырлы теледидардан құстардың дауыстарын жасырып, балалардың жауабы тыңдалды. Үй және дала жануарларының ерекшеліктері айтылып, балалар сурет арқылы сипаттама берді. Белсene қатысқан балаларға мактау айтылып, силыктар таратылды.

**Білім саласы: «Коммуникация»**

**Бөлімі: Сөйлеуді дамыту**

**Тақырыбы: «Ойыншықтыр әлемінде»**

«Звездочка» тобында тәрбиеші Шакирова Мәлдір «Ойыншықтыр әлемінде» тақырыбында ашық оқу қызметін өтті.

Оқу қызметте балалар күз мезгілі жайлы түсініктерін кенейту. Ойыншықтардың түрін, түсін, ажыратса білуге үйретті. Тәрбиеші балалармен ойыншықтар жайлы айтты. Тәрбиеші оқу іс-әрекетін сұрап-жауап қолдана отырып қорытындылады.



**Білім саласы: «Коммуникация»**

**Бөлімі: Тіл дамыту**

**Тақырыбы: «Үй жануарлары мен үй құстары»**

«Балапан» тобында тәрбиеші Спатаева Айнур «Үй жануарлары мен үй құстары» тақырыбында ашық оку қызметін өтті.



Ашық оку қызметінде тәрбиеші балалармен жылулық шенберінде тұрып, жұмбақ шешу арқылы төрт мезгілді сипаттады. Таң қалдыру сәтінде ауылға саяхатқа шықты. Ауылда жануарлармен танысып, ойын ойнап кайтты. Оку қызметі қорытындыланып, балалар марапатталды.

**Білім саласы: «Коммуникация»**

**Бөлімі: Тіл дамыту**

**Тақырыбы: «Путешествие в город Профессий»**



«Вишенка» тобында тәрбиеші Серикбаева Гулнар «Путешествие в город Профессий» тақырыбында ашық оку іс-әрекетін өтті. Ашық оку іс-әрекетінде балалар жылулық шенберіне тұрып, тәрбиешімен бірге сәлемдесу сөздерін айтты.

- 1) тілге жаттығу;
- 2) суретке қарап отырып сөйлем құрау;
- 3) естілген сөздер арқылы әңгіме құрау;
- 4) сөздерді буынға бөлу.

Балалар үйшіктің құлпын кілтпен ашып, Буратиноға көмектеседі. Буратино раҳметтін айтып, Оку іс-әрекетке қатысқан балалар мадақталып, марапатталады.

## **Желтоқсан айында**

### **Ертенгіліктер**

«Желтоқсан желі» - Тәуелсіздік күні барлық топтар



Бебекжайда барлық топтармен бірлесе «Желтоқсан желі» атты Тәуелсіздік күніне арналған ертенгілік өткізді. Ертенгілікті балабақша менгерушісі Турғунбекова Ақмарал Есіркепкызы ашық деп жариялады. Жүргізушінің бастауымен балабақша бұлдіршіндері бір минуттық тыныштық сактал, желтоқсан құрбандарын еске алды. Ертенгілікте туған жер туралы әндер, такпактар айтылды. Балалар би билеп, сахналық көрініс те көрсетті.

1. «Жаңа жыл құтты болсын!» ортаңғы «Балбебек» тобы
2. «Жаңа жылым қош келдің!» ортаңғы «Балапан» тобы
3. «Дед Мороз в гостях сказки» ересек «Звездочка» орыс тобы
4. «Новый Год с Золушкой» МАД «Вишненка» орыс тобы

Бебекжайда барлық топтар арасында Жаңа жыл мерекесі ертегілігі өткізілді. Мерекеге түрлі кейіпкерлер қатысып, балалармен ойын ойнады. Аяз ата мен Ақшақар мерекениң басты қонақтары болып, балалардың ән, такпак, би өнерлерін тамашалап, Аяз атадан жаңа жылдық сыйлықтарын алды.



**Үйымдастырылған ашық оқу қызметтер**

**Білім саласы: «Таным»**

**Бөлімі: Математика**

**Тақырыбы: «Түрлі түсті дөңгелектер»**



«Балбебек» тобында тәрбиеші Шегенова Карлығаш «Түрлі түсті дөңгелектер» тақырыбында ашық оқу қызметін өткізді. Онда балалар түрлі түсті дөңгелектермен бассейннің ішінен алып түстерін, пішіндерін айттып өтті. Балалар ормандағы аюға жемісін жинауга көмек берді.

Кимылды ойын ойналды: «Түсіне қарай ажырат» ойны ойналды. Балалар мадақталып, марапатталды.

**Білім саласы: «Таным»**

**Бөлімі: Математика**

**Тақырыбы: «Гажайып математикага саяхат»**



«Звездочка» тобында тәрбиеші Кудайбергенова Кулаш «Гажайып математикага саяхат» тақырыбында ашық оқу іс-қызметін өткізді. Балалар Түрлі түсті бейнелерден жapsырмалы тақтайшага өз киялдарымен бейнелерді жapsырып шыкты. Балалар түстерді, пішіндерді, қатты-жұмсақты ажырата білді.

Кимылды ойын ойналды: «Кім жылдам» ойны ойналды. Балалар мадақталып, марапатталды.

**Білім саласы: «Таным»**

**Бөлімі: Математика**

**Тақырыбы: «Зырылдауық көрсеткіш»**



«Балапан» ортанғы тобында тәрбиеші Наримбаева Улжалгас «Зырылдауық көрсеткіш» тақырыбында ашық оқу қызметін өткізді. Онда балалар 1ден 5ке дейінгі реттік сандарды санап, кері санауды білді. Зырылдауықтың тапсырмалары бойынша тапсырмаларды орындаады. Геометриялық пішіндерді ажыратта отырып, дидактикалық ойын ойнады. Логикалық сұраптар койылды.

Кимылды ойын ойналды: «Адасқан сандар» ойныны ойналды. Балалар мадақталып, марапатталды.

**Білім саласы: «Таным»**

**Бөлімі: математика**

**Тақырыбы: «Мы умелые всезнайки»**



Вишенка орыс тобында тәрбиеші Турдалиева Гулжан «Мы умелые всезнайки» тақырыбында ашық оқу қызметін өткізді. Балалар магнитті тақтада сандармен жұмыс жасады. Геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, ойын ойнады. Ашық оқу іс қызметінің мәні жағынан да жоғары деңгейде өтті. Эр баламен жеке сөздік жұмыстары жүргізілді.

Кимылды ойын ойналды. Балалар мадақталып, марапатталды.

## Ақпан айында

**Білім саласы: «Шыгармашылық»**

**Бөлімі: Мұсіндеу**

**Тақырыбы: «Көгалдағы балапандар»**



«Балбек» ортаңғы тобында тәрбиеші Кенжебекова Эльмира «Көгалдағы балапандар» тақырыбында ашық оқу қызметін өткізді.

Балалар тауыққа балапандарын табуға көмек берді. Ермексаздың көмегімен балапандарды жасауға көмектесті.

Қимылды ойын ойналды: «Шөжелер ойыны» ойыны ойналды. Балалар мадақталып, марапатталды.

**Білім саласы: «Шыгармашылық»**

**Бөлімі: Мұсіндеу Аппликация**

**тақырыбы: «Көктем гүлдері»**



«Балапан» ортаңғы тобында тәрбиеші Спатаева Айнур «Көктем гүлдері» тақырыбында ашық оқу қызметін өткізді. Балалар түрлі түсті ермексаздан гүлдер, тастанды материалдардан гүлдің сабактары мен гүлді салып қоятын ыдыстарын да жасады. Әр баламен жеке сөздік жұмысы жүргізілді

Қимылды ойын ойналды.

Балалар мадақталып, марапатталды.

**Білім саласы: «Шыгармашылық»**

**Бөлімі: Мұсіндеу**

**Тақырыбы: «Женімпаз гүлі»**



«Звездочка» ересек тобында тәрбиеші Шакирова Мәлдір «Женімпаз гүлі» тақырыбында ашық оқу қызметін өткізді. Онда балалар қысқы олимпиададан болған жарыстарды еске түсіріп, жарыстар үйымдастырды. Женіске жеткендегі алқаларының тамашалап, ағаларына арнап гүл жасады.

Дидактикалық ойын ойналды: «Кім алғыр» ойыны ойналды. Балалар мақтағалып, марапатталды.

**Білім саласы: «Шыгармашылық»**

**Бөлімі: Сурет**

**Тақырыбы: «Букет для мамы»**



«Вишенка» ересек орыс тобында тәрбиеші Серикбаева Гулнар «Букет для мамы» тақырыбында ашық үйымдастырылған оқу қызметін өтті.


Балалар бояуды тіс щеткасының көмегімен шашу арқылы гүлдің бейнесін бейнеледі.

Оқу қызметте белсенділік көрсеткен балалар мақтағалып, барлық балалар марапатталды.

## Наурыз айында

### Ертенгіліктер

**«Аналар» мерекесіне** орай «Бәйшешек» бебекжайында барлық тоғтардың қатысуымен ертенгілік отті. Мереке қарсаңында балалар ән айттып, би билеп, тақнақтар айттып өз өнерлерін көрсегті.




Көктем мезгіліндегі арнайы ұйымдастырылған **«Көктем аруы»** байқауы «Балапан» тобында болып, оған жеті бүлдіршін қыздарымыз қатысып бас жүлдені бір қыз, қалған қыздарымыз номинацияларды иеленді. Ертенгілікке ата-аналар қатысып балаларының өнерлеріне дән риза болды.



**Наурыз мерекесіне** арналған мерекелік іс шараны барлық топтар жеке-жеке атап өтті. Ата-аналардың қатысуымен барлық топтардың ертегіліктері өз дәрежесінде өтті. Мереке қарсаңында балалар ән айтып, би билеп, тақпактар айтып, өз өнерлерін көрсетті.

Наурыз мерекесіне келген кейіпкерлер балалармен ойын ойнап, қызықтыра би биледі.



## Сәуір айында

### Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтер

**Білім саласы: «Әлеумет»**

**Болімі: Коршаган орта**

**Тақырыбы: «Біз табиғатты қоргаймыз»**



«Балбобек» ортаңғы тобында тәрбиеші Шегенова Қарлығаш «Біз табиғатты қоргаймыз» тақырыбында ашық оқу қызметін откізді. Онда балалар үй және дала жануарларымен танысып, олардың тіршіліктері жайлы айтты.

Дидактикалық ойын ойналды:

«Даусынан ажырат» ойыны ойналды. Балалар мадақталып, марапатталды.

**Білім саласы: «Әлеумет»**

**Болімі: Коршаган ортамен танысу**

**Тақырыбы: «Мөлдір су»**



«Звездочка» ересек тобында тәрбиеші Кудайбергенова Кулаш «Мөлдір су» тақырыбында ашық оқу қызметін өткізді. Балалар су жайлы көптеген мәліметтер алды. Тәрбиеші суга тәжірбие жасап балаларға корсетті.

Кимылды ойын ойналды: «Кім тапқыр» ойыны ойналды. Балалар мадақталып, марапатталды.

**Білім саласы: «Әлеумет»**

**Болімі: Коршаган ортамен танысу**

**Тақырыбы: «Табиғаттагы маусымдық құбылыстар»**



«Балапан» ортаңғы тобында тәрбиеші Спатаева Айнур «Табиғаттагы маусымдық құбылыстар» тақырыбында ашық оқу қызметін откізді. Онда балалар төрт мезгілімен танысып, құбылыстары жайлы айтты. Саяхатқа шықты. Балалар оқу қызметке белсene қатысты.

Кимылды ойын ойналды: «Жылдам» ойыны ойналды. Балалар мадақталып, марапатталды.

**Білім саласы: «Әлеумет»**

**Бөлімі: Экология**

**Тақырыбы: «Путешествие в Королевство Природы»**



Вишенка орыс тобында тәрбиеші Тұрдалиева Гулжан «Путешествие в Королевство Природы» тақырыбында ашық оқу кызметін өткізді . Балалар тау бөктеріне саяхатқа шыкты. Балаларға әсерлі болды. Әр баламен жеке сөздік жұмыстары жүргізілді. Қимылды ойын ойналды. Балалар мадакталып, марапатталды.

### **Мамыр айында**

#### **Ертеңгіліктер**

Бөбекжайда барлық топтармен бірлесе «1 Мамыр- бірлік күні» мерекесінә орай ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікті бөбекжай менгерушісі Турғунбекова Ақмарал Есіркеңкызы күттүктау сөз айтып ашық деп жариялады. Балабакша бүлдіршіндері әндер айтып, туған жер туралы тақпактар айтты. Би билеп, өнерлерін де көрсетті.



Женіс мерекесінің қарсаңында үл балалардың қатысуымен «Балапан» ортанғы тобында «Жігіттер сұлтанды» байқауы және «Вишенка» орыс тобының қатысуымен «Рычарский турнир» атты байқаулары өткізілді. Белсенді ата-аналар қазылар алқасы болып, сайыс өз дәрежесінде өтті.



«9 мамыр-Женіс күні» мерекесіне орай erteңгілік барлық топтардың қатысуымен өткізілді. Ертеңгілікті балабақша менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есіркепкызы құттықтау сөз айтып анық деп жариялады.

Бөбекжай бұлдіршіндері жеңіс күніне арнап әндер айтты, туган жер туралы тақпактар айтты. Би билеп, онерлерін де корсетті.

### Мамыр айында

#### **Қош бол, балабақша!**

Бөбекжай бұлдіршіндері, ересек тобының балалары балабақшамен қошасты.



Балалардың бойында адамгершілік және парсаттылық қасиеттерін тәрбиелеу, денсаулықтарын шынықтыру, жарысуға деген қызығушылығын ояту, өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында ойын – сауықтар, байқаулар, сурет көрмелері, эстафеталық ойындар, денсаулық күндері, қуыршақ театры ұйымдастырылды.

Кітапханаға, Мұражайға, Мектепке, Төле би бабаның ескерткішіне, Табиғат аясына, саябаққа саяхаттар

Экологиялық тәрбие жөніндегі іс – шаралар қоршаған ортаға камкорлық көзқарасқа тәрбиелеу, қоршаған ортаның қайталанбас сұлулығын түсінуге тәрбиелеу, баланы жан – жақты тәрбиелеу, табиғаттағы құндылықты бағалауды түсіндіру мақсатында жоспарланып, күн тәртібіндегі тәрбиелік жұмыстарда үнемі жүргізіліп отырылады.

Балабақшаның дәрігерлік қызметінде балалардың денсаулығын сактау жөніндегі тиімді Рига тәсілі ендірілген:

- Кедір-бұйыр жолақшалармен жүру;
- Ауыз қуысын және тамақты тұздық ерітіндімен шаю;
- Ірсіған арық соқпақтармен, денсаулық соқпақтарымен жалаңақ жүру;
- Беті-қолды салқын сумен жуу;
- Күн, су, ауа арқылы шынықтыру;
- Сумен сұртіну

Бала денсаулығын қуту және қорғау және баланың физикалық дамуын нығайту үшін «Денсаулық күні», эстафеталық жарыстар, «Қыс қызығы» ойын сауықтары, «Әкем, анам және мен» отбасылық - спорттық байқауы өткізілді.

Құқықтық тәрбие беру үш бағытта жүзеге асырылады: педагогтармен жұмыс, ата-аналармен және балалармен жұмыс. Құқықтық міндетті оқыту мектебінің іс-шараларын өткізу бойынша жоспар жасалынып, жылдық жоспарға бөлім болып енгізілген.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңын, «Еңбек қауіпсіздігі және енбекті қорғау» туралы заңын, Тіл туралы Заңын, Балалар құқықтары конвенциясын оқып үйрену және талаптарын орындау, тәрбиешілер арасында құқықтық тәрбие туралы дөңгелек үстел туралы жұмыстар балабақшаның педкеңесінде, ата – аналар жиналышында қаралып отырған.

## **Әдістемелік кабинет жұмысы**

Мектепке дейінгі білім үйімінде педагогтарға арналған әдістемелік құралдар, деңсаулық білім беру саласының әдістемелік құралдары және ата-аналарға арналған кітап коры әдістемелік кабинетте, топтарда орналаскан. Көркем әдебиет балалар кітапханасы топтарда шоғырландырылған.

Бағдарламалардың барлық бөлімдері бойынша әдістемелік материалдармен толыктырылды.

Диагностикалық бақылау жылына екі рет каралып тәрбиешілер баланың біліміне жауап беріп отырды.

Іс номенклатурасы бойынша барлық құжаттар белгіленді.

Үйымдастырылған іс-әрекеттердің барлығы көрнекіліктер арқылы өтіліп отырды.

Жаңадан келген тәрбиешілерге ақыл –кеңес, бағыт- бағдар беріліп отырылды. Тәрбиешілер апталақ жоспарларын әр алтаның жұма күні келесі алтаның жоспарын жазып, әдіскердің қарауынан өткізіп отырды.

Жаңадан шыққан әдіс тәсілдермен танысып, жұмыс жасалынды.

**Балабақша ұжымының, педагогтардың, тәрбиеленушілердің аудандық, облыстық және республикалық марапаттаулары.**

Қызметтік марапаттар бойынша, «Бәйшешек» бөбекжайына, бөбекжай менгерушісіне, педагог кадрларға, тәрбиеленуші балаларға – аудандық білім бөлімінен, Облыстық, Республикалық білім басқармаларынан, «Аманат» партиясы және Облыстық Кесіподақ кеңесі тарапынан **алғыс хаттар, дипломдар мен марапаттау қағаздары** берілген.

## **1.2. 2022-2023 оқу жылының негізгі мақсаты**

### **Мақсаты:**

Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен кажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толықканды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

### **Міндеттері:**

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттықеністіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабактастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды казак халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте окуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тәң бастапкы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

### 1.3.Педагогикалық кадрларды реттеу

p/c	Аты – жөні	Кызметі	Тобы
1	Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы	Менгеруші	
2	Бектемирова Акбота Есенгельдыевна	Әдіскер, казак тілі	МАД, ересек орыс топтары
3	Кенжебекова Эльмира Жунисбекова Ақдидар Талгатовна	Тәрбиеші Тәрбиеші	«Балбебек» ортанғы тобы
4	Спатаева Айнур Нышанбаевна Наримбаева Улжалгас Абдикалыковна	Тәрбиеші Тәрбиеші	«Балапан» ортанғы тобы
5	Кудайбергенова Куляш Маликова Шакирова Молдир Калдарбековна	Тәрбиеші Тәрбиеші	«Звездочка» ересек орыс тобы
6	Серикбаева Гульнара Сатыпалдиевна Турдалиева Гульжан Данияловна	Тәрбиеші Тәрбиеші	«Вишенка» МАД орыс тобы

**1.4 «Бәйшешек» бөбекжайының педагогикалық кадрлары туралы мәлімет.**

<b>к/ с</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Қызметі</b>	<b>Білімі</b>	<b>Бітірген оқу орны</b>	<b>Мамандығы</b>	<b>Пед. енбек өтілі</b>
1	Тургунбекова Ақмарал Есиркеңкызы	Менгеруші	Жоғары	«Қазақстан халықтар достығы» университеті	«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»	20 жыл
2	Бектемирова Акбота Есенгельдыевна	Әдіскер, қазақ тілі мұғалімі	Жоғары	АИУ университеті	«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие»	19 жыл
3	Кудайбергенова Кулаш Маликкызы	Тәрбиеші	Жоғары	«Көкше» академиасы	«Бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі»	36 жыл
4	Спатаева Айнур Нышанбаевна	Тәрбиеші	жоғары	«Қазақстан халықтар Достығы» университеті	«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие»	11 жыл
5	Наримбаева Улжалгас Абдиқалыковна	Тәрбиеші	Жоғары	«Қазақстан халықтар достығы» университеті	«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие»	10 жыл
6	Серикбаева Гульнара Сатыпалдиевна	Тәрбиеші	Жоғары	«Қазақстан халықтар Достығы» университеті	«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие»	11 жыл
7	Турдалиева Гульжан Даниялкызы	Тәрбиеші	Жоғары		«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие»	6 жыл

8	Кенжебекова Эльмира	Тәрбиеші	Жоғары	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»	8 жыл
9	Жунисбекова Ақдидар Талгатовна	Тәрбиеші	Жоғары		«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»	жыл
10	Шакирова Молдир Калдарбековна	Тәрбиеші	Жоғары	«Қазақстан халықтар Достығы» университеті	«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие»	6 жыл

Жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» Кодексіне сәйкес жүргізіледі. Жеке еңбек келісім-шарттарының мазмұндары талаптарға сай.

Ішкі еңбек тәртібі туралы ереже жасалынған. Әрбір қызметкердің лауазымдық міндеттері таныстырылып, қол қойылған.

## **Техникалық қызметкерлер құрамы**

<b>№</b>	<b>Фамилиясы аты-жөні</b>	<b>Қызметі</b>
<b>1</b>	Арсланова А.М.	Шаруа менгеруші
<b>2</b>	Потапова Н.В.	Медбике
<b>3</b>	Токмухамедова К.	Тәрбиеші көмекшісі
<b>4</b>	Ордабаева Н.	Тәрбиеші көмекшісі
<b>5</b>	Налибаева Г.	Тәрбиеші көмекшісі
<b>6</b>	Рустамбекова А.	Тәрбиеші көмекшісі
<b>7</b>	Аяпханова Ж.	Тәрбиеші көмекшісі
<b>8</b>	Оразымбетова Г.	Аспазшы
<b>9</b>	Жайбаркулова А.	Аспазшы
<b>10</b>	Мырзалиева У.	Кір жуушы
<b>11</b>	Югай Г.	Қарауыл
<b>12</b>	Рустамбеков К.	Қарауыл
<b>13</b>	Айтмурзаев Н.	Қарауыл
<b>14</b>	Қияқбаев Б.	Аула сыйпышы
<b>15</b>	Арсланов Д.	Жұмысшы



Бағыттар мен мемлекеттік мәдениеттің жауапкершілігін арттыру  
Министр қарасы өкімнін апаратының  
бесінде 09.08.2022 жыл  
А.К. Тұрғунбекова

## II. Кадрлармен жұмыс.

### 2.1. Педагогикалық кеңестер

**Міндеті:** Білім салаларын ұйымдастыруды инновациялық әдістерді қолдануды жетілдіру.

№	Жоспарлы жұмыс	мерзімі	жауапты
	№ 1 педагогикалық кеңес		
1	Жаз мезгіліндегі жұмыстардың қорытындысы.	Тамыз	Менгеруші Турғунбекова А.
2	Қазақстан Республикасы Оку- агарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйріғымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстыру		Шаруа менгеруші Арсланова А.
3	2022 -2023 жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.		Әдіскер Бектемирова А.
4	Бөбекжайдағы топтардың жасына қарай музыка, дене шынықтыру іс-әрекетінің қызметінің кестесін, перспективалық жоспарды, күн тәртібін және үлгілік оқу жоспарын бекіту.		Менгеруші Турғунбекова А.
5	Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы.		Әдіскер Бектемирова А.
6	Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны құру сапасын талдау.		Тәрбиешілер

	<b>№ 2 педагогикалық кеңес</b>		
1	Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп	Казан	Менгеруші Тургунбекова А.
2	«Денсаулық» бұрышының жабдықталуы және таңертенгілік жаттығулар кешенінің үйкі ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы. Байқаудың қорытындысы		Әдіскер Бектемирова А. Шығармашылық топ
3	Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуде тәрбиешінің жұмысын үйымдастыру ерекшелігі» тәрбиешілерге кеңес		Әдіскер Бектемирова А.
4	«Дене шынықтыру» үйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыптық тексеру қорытындысы		
	<b>№ 3 педагогикалық кеңес</b>		
1	Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп	Қантар	Менгеруші Тургунбекова А.
2	Баяндама «Балабақшадагы ойынның педагогикалық маңызы»		Әдіскер Бектемирова А.
3	Балалардың шығармашылық құзіреттілігін дамыту мақсатында «Қыс келбеті» сурет көрмесінің қорытындысы		Тәрбиеші Жунисбекова А.
4	Балалардың жарты жылдық білімінің қорытындысы		Әдіскер Бектемирова А.

	<b>№ 4 педагогикалық кеңес</b>		
1	Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп	Наурыз	Менгеруші Тургунбекова А.
2	<b>Дөңгелек үстел.</b> "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын оқып үйрену" (2020жылғы 24-қыркүйек №412бұйрығы)		Әдіскер Бектемирова А.
3	«Баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары»		Тәрбиеші: Наримбаева У.
4	Оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы туралы		Әдіскер Бектемирова А.
5	Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы		Менгеруші Тургунбекова А.
	<b>№ 5 педагогикалық кеңес</b>		
1	Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп	Мамыр	Әдіскер тәрбиешілер Менгеруші Тургунбекова А.
2	2022- 2023 оқу жылының қорытындысы Балалардың - Физикалық қасиеттерді дамыту;		Әдіскер Бектемирова А.
3	- коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;		
4	- элеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша балалардың – мониторинг қорытындысы Педагогтардың біліктілік санатына өтініштерін қабылдау		Менгеруші Тургунбекова А.
5	Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын талдау, бекіту		Әдіскер Бектемирова А.



Бекітемін:

менгерушісі:  
тургунбекова

## 2.2. Менгеруші жаңындағы көмекшілік

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
	<b>№1</b>			
